

Сабақтың тақырыбы: **АНТОНИМ СӨЗДЕР**

Сабақтың мақсаттары:

- а) ***білімділік***- алдыңғы сабақтарда өткендерді еске түсіріп, қайталау арқылы, жаңа сабаққа көшу. Антоним туралы мысалдар арқылы түсінік беру, жасалу жолына тоқталу.
- ә) ***тәрбиелік*** - Абайдың өлеңдері арқылы табиғат пен адам, жалпы тіршілік атаулының тұтастығын түсіндіре отырып, оқушыларға табиғатты сүйуге , аялауға, сұлулықты бағалай білуге тәрбиелеу.
- б) ***дамытушылық*** - оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын дамытуға, шығармашылыққа баулу.

Сабақтың жоспары:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.
- II. Үй тапсырмасын тексеру.
- III. Жаңа сабақты түсіндіру.
- IV. Кітаппен жұмыс.
- V. Жұмбақ шешу
- VI. Терме диктант.
- VII. Шағын тест.
- VIII. Сергіту сәті
- IX. Семантикалық картамен жұмыс
- X. Қорытындылау.
- XI. Бағалау
- XII. Үйге тапсырма

Үйымдастыру кезеңі

Үй тапсырмасын тексеру

1. Лексика деген не, қай тілден шыққан?
2. Сөздің мағыналарына нелер жатады?
3. Омоним дегеніміз не? Мысал келтір.
4. Көп мағыналы сөз бен омонимнің айырмашылығы, ұқсастығы.
5. Синоним. Анықтамасы. Мысал келтір.



Абай Құнанбаев

1. Жазғытұрым – адамның балалық шағы.

2. Жаз – адамның жігіттік шағы.

3. Күз – адамның кемеліне келген шағы.

4. Қыс – адамның кәрілік шағы.

**Түйіні: Адам мен табиғат егіз екеніне
көз жеткізу.**

**“ Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
табиғаттың адамзатсыз күні жоқ”**

Жазғытұры

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.

Жаз

Жоғары –төмен үйрек, қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап...

Күз

Жасыл шөп,бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес,жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал- кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, құрай.

**Ана -әке,
жер – аспан,
жоғары – төмен,
шал - кемпір**


АНТОНИМ СӨЗДЕР

**Мысалы: Күн - түн, ыстық - суық,
әне - міне, кету - келу, ерте - кеш.**

**Антоним - грек тілінен шыққан.
anti- қарсы, onota-атау
дегенді білдіреді.**

***Мағыналары бір-біріне
қарама-қарсы сөздерді
антоним дейміз***

Антонимдер



Кітаппен жұмыс

87- жаттығу. Мәтіндегі әсем, тез, шебер, зор сөздерінің антонимін тауып жазу.

Жұмбақ шешу

1

2

3

Асты тігілген, үсті сөгілген




Қап




**Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар.**




Тасбақа



Түнде бар, күндіз жоқ.



Жұлдыз



Терме диктант

Зат есімнен болған антонимдерді теріп жаз.

1. Алыс-жақын
2. ақ-қара
3. күн – түн
4. ерте- кеш
5. алу-беру
6. қыс-жаз
7. алғыс- қарғыс
8. ұзын-қысқа
9. ұл-қыз

Шағын тест

- **Өз-өздеріңді тексеріңдер.**
- 1.Лексика қай тілден шыққан?
 - 1) грек 2) латын 3) орыс
- 2.Омоним болатын сөзді тап.
 - 1) қаз 2) теңіз 3) бала
- 3.Синонимді тап.
 - 1) көз,бақ 2) әдемі, көркем 3) кіші,ертең
- 4.Антонимді тап.
 - 1) қара, білім 2) оңай-қиын 3) бүгін, кеш
- 5.Көп мағыналы сөзді тап
 - 1) Мая-мая 2) ата-баба 3) бас,көз
- 6. Антоним деген не?
 - 1) Айтылуы әр түрлі, мағыналары жақын сөздер.
 - 2) Жазылуы бірдей, мағынасы әр түрлі сөздер.
 - 3) Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер.

Жауабы:

Индексі: 1 1 2 2 3 3

Бағалау



Сергіу сәті

Семантикалық карта

Мысалдар	Зат есім	Сын есім	Есім- дік	Етіс- тік	Үс- теу
Жоғары- төмен					
Аз – көп					
Күн – түн					
Қуану – ренжу					
Анау – мынау					
Ақ - қара					

Мысалдар	Зат есім	Сын есім	Есім- дік	Етіс- тік	Үс- теу
Жоғары- төмен					+
Аз – көп		+			
Күн – түн	+				
Қуану – ренжу				+	
Анау – мынау			+		
Ақ - қара		+			

Бағалау

|| 5 || - 5 - 6 || 4 || - 4 || 3 || - 3 || 2 || - 1 - 2

Қортындылау

Нені білдік? Неге үйрендік?

Үйге тапсырма

89 - жаттығу, ереже жаттау

Тыңдағандарыңызға рахмет!